

**Мамедов Рихсибай Абдурахманович** 6D012000 –Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған «Дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің ғылыми педагогикалық-негіздері» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшісінің

## ШҚІРІ

Білім жүйесін жаңғырту аясында дуальді кәсіптік білім беруді дамыту жұмысшы кадрлардың зәрулігін еңсеру үшін қолданбалы мамандықтардың заманауи орталықтарын құру міндеттері қойылады. Дуальді жүйенің негігі оқу орны мен өндірісте қатар оқыту болып табылады. Бұл кәсіптік – техникалық білім берудегі басты проблема-жоғары оқу орнындағы теория мен заманауи өндіріс практикасы арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Дуальді оқытуда теория мен практиканың өзара байланысы қағидасы жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке ие болуға көмектеседі. Мұндай оқыту өндірістің нақты сұраныстарына барынша жақындатады да жұмыс берушілер дайын мамандарға ие болады.

Кәсіптік білім беру қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді, оның әрбір мүшесіне еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік пен ұтқырлықты қамтамасыз етеді. Кәсіптік оқытудың дуальді формасының аса маңызды қағидасы-оқытудағы бірізділік пен жүйелілікті көрсетуге мүмкіндік береді. Дуальді оқыту үдерісі барысында білім алушы тікелей шынайы еңбек ортасына барады, оларға кәсіпорын тарапынан берілген еңбек орындау барысында көзқарастары, еңбекке деген құлшыныстары, кәсібіне деген қызығушылықтары арта түседі.

Болашақ мамандардың дуальді білім беруін кәсіби бейімделуі- бұл, жас маманды мамандық игеруге кіріседегі күрделі динамикалық үрдісі ретінде оның ұйымының ерекшелігін ескере отырып, дуальды оқытудың мақсаттары мен міндеттерін іске асырудағы игерген және үнемі толықтырылған білімдер, дағдылар мен тәжірибелерді қолдану арқылы, еңбек нарығының қажеттіліктері мен жаңа оқу-өндірістік ортаның шарттарына қоғамның өзгеріп келе жатқан талаптарына бейімделуі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі бағыты дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеуін қалыптастыру моделін құрастыру, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын анықтау, зерттеу нәтижелерін экспериментальдық жұмыстар арқылы тәжірибеде тексеруге арналған.

Диссертациядағы модель қазіргі кезеңдегі еңбек нарығындағы жұмыс берушілердің болашақ мамандарды кәсіби даярлау сапасына сұраныстарын қанағаттандыруда кәсіптік білім беру мекемелерінің алдында тек кәсіптік құзыреттіліктері мен тұлғалық сапаларын дамыту ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандардың бойында еңбек құндылықтарын қалыптастыру, еңбек

етуге құлшыныстарын арттыру, еңбек етуге даярлығын қалыптастыруды дуальді оқыту шеңберінде жүзеге асыруды көздейді.

Сонымен қатар, ұсынылып отырған модель отандық орта кәсіптік білім беру сапасын арттыруға, еңбек нарығының сұраныстарына жауап беруге, болашақ мамандардың еңбек ұжымына еркін кірігуіне, азаматтық белсенділіктерінің артуына, болашақ жұмыс орындарымен қамтылуына, тұлғалық және кәсіптік тұрғыдан өзін жетілдіруге ұмтылыстарын дамытуға ықпал етуі айқын бейнеленген.

Р.А. Мамедовтың диссертациялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша «Дуальді оқыту негіздері» оқу құралы даярланды.

Зерттеу тақырыбына байланысты шет елдердің іс-тәжірибелерімен танысып, Испания, Ресей, Германия елдеріндегі дуальді оқыту жүйесіне талдау жасалынды. Ресейде Москва педагогикалық мемлекеттік университетінде ғылыми тағлымдамадан өтті. Алынған нәтижелер М. Әуезов атындағы ОҚМУ «Кәсіптік оқыту» кафедрасында оқу үдерісіне және өндірістік-сынақ тәжірмбеге енгізілді.

Диссертациялық жұмысты жүргізу мерзімі кезінде докторант Р.А. Мамедовтың «Дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің ғылыми педагогикалық-негіздері» тақырыбындағы диссертациясы аяқталған білікті жұмысы юлып табылады.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі, ғылыми және іс жүзіндегі нәтижелерінің құндылығы, зерттеулердің орындалған көлемі, негізгі қағидалары, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының толыққандығы бойынша «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сай келеді және 6D012000 –«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми атағын беру үшін қорғауға ұсынуға болады.

М. Әуезов атындағы ОҚМУ  
«Кәсіптік оқыту» кафедрасының  
профессоры, п.ғ.д., ғылыми жетекшісі



Жолдасбекова С.А

**ЮЛЫН РАСТАЙМЫН**  
ОЖЖ бөлімінің  
жасағысы